

"ТҰҒЫР" біліктілікті
арттыру орталығы

"Центр повышения
квалификации **"ТҰҒЫР"**

**«Заманауи мектеп менеджменті: басқару және көшбасшылық дағдылары»
педагогтердің біліктілігін арттыру курсы
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Академиялық сағаттардың саны: 80

Қордай 2025

1. Жалпы ережелер

«Заманауи мектеп менеджменті: басқару және көшбасшылық дағдылары» педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығының талаптарына, сондай-ақ Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық) және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының ережелеріне сәйкес әзірленді.

Қазіргі кезеңде білім беру ұйымдарының тиімді қызметі басқару жүйесінің сапасына, мектеп басшылары мен басқару құрамының кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты. Жаһандану, цифрландыру, білім беру мазмұнының жаңаруы және қоғамның мектепке қоятын талаптарының артуы заманауи мектеп менеджментін жетілдіруді, басқару мен көшбасшылықтың жаңа модельдерін енгізуді қажет етеді.

Осыған байланысты мектеп директорларының, директор орынбасарларының және педагогикалық басқару қызметкерлерінің басқару құзыреттерін дамыту, стратегиялық ойлау, тиімді шешім қабылдау, командамен жұмыс істеу және өзгерістерді басқару дағдыларын қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп менеджменті қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне, цифрландыру үдерісіне және білім сапасына қойылатын талаптардың артуына сәйкес дамып келеді. Осы жағдайларда білім беру ұйымдарын басқару жүйесі заманауи трендтерге негізделуі тиіс. Бүгінгі таңда мектеп менеджментіндегі негізгі үрдіс әкімшілік-бұйрықтық басқарудан педагогикалық көшбасшылыққа көшу болып табылады. Бұл модельде мектеп басшысы оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған стратег, педагогтердің кәсіби дамуын қолдаушы және өзгерістерді басқарушы көшбасшы ретінде қарастырылады.

Заманауи мектеп менеджментіндегі маңызды трендтердің бірі – деректерге негізделген басқару. Бұл басқару шешімдерін қабылдауда оқу жетістіктерінің нәтижелерін, ішкі бағалау мен мониторинг деректерін, аналитикалық көрсеткіштерді жүйелі қолдануды көздейді. Мұндай тәсіл білім сапасын арттыруға, басқару тиімділігін күшейтуге және нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация жағдайында мектеп менеджментінің тағы бір өзекті бағыты – цифрлық басқару. Электрондық журналдар, білім беру платформалары, автоматтандырылған есеп беру жүйелері мен басқару панельдері мектептің әкімшілік және педагогикалық үдерістерін оңтайландыруға, ашықтық пен тиімділікті арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарын басқаруда икемді және Agile басқару модельдері кеңінен қолданыла бастады. Бұл модельдер қысқа мерзімді

жоспарлау, командалық өзара әрекет, өзгерістерге жедел бейімделу және нәтижеге бағдарлану қағидаттарына негізделеді. Мұндай тәсілдер мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мектептің автономиясын арттыру да заманауи менеджменттің маңызды трендтерінің бірі болып табылады. Бұл мектеп деңгейінде басқару шешімдерін қабылдаудағы жауапкершілікті күшейтуді, педагогтердің бастамаларын қолдауды және ішкі ресурстарды тиімді пайдалануды көздейді.

Инклюзивті және адамға бағдарланған басқару тәсілі мектептегі қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға, педагогтер мен білім алушылардың қажеттіліктерін ескеруге және білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасында тиімді коммуникация орнатуға бағытталған.

Өзгерістерді басқару және тұрақты даму қағидаттары да заманауи мектеп менеджментінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл білім беру ұйымының ұзақ мерзімді дамуын жоспарлауды, тәуекелдерді басқаруды және инновацияларды жүйелі енгізуді қамтиды.

Сонымен бірге корпоративтік мәдениет пен командалық менеджментті дамыту мектептің біртұтас құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, ынтымақтастықты нығайтуға және басқару мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Халықаралық тәжірибені, атап айтқанда OECD, TALIS және PISA for Schools зерттеулерінің ұсынымдарын басқару практикасына енгізу де мектеп менеджментін жетілдірудің маңызды бағыты болып саналады.

Осы заманауи трендтерді ескере отырып, «Заманауи мектеп менеджменті: басқару және көшбасшылық дағдылары» тақырыбындағы оқу бағдарламасы мектеп басшылары мен педагогикалық басқару қызметкерлерінің стратегиялық ойлауын, көшбасшылық әлеуетін және басқарушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарлама білім беру ұйымдарының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және ұлттық әрі халықаралық талаптарға сай тиімді мектеп менеджментін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы қажеттіліктерді ескере отырып, педагогикалық қызметкерлерге арналған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының «Заманауи мектеп менеджменті: басқару және көшбасшылық дағдылары» тақырыбындағы оқу бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама білім беру ұйымдарын басқарудың заманауи тәсілдерін меңгеруге, басқарушылық мәдениетті арттыруға және мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Заманауи мектеп менеджменті – бұл білім беру ұйымының стратегиялық дамуын қамтамасыз ететін басқару жүйесі, ол көшбасшылық, тиімді коммуникация, деректерге негізделген шешім қабылдау, педагогтерді ынталандыру және сапаны басқару үдерістерін қамтиды. Бүгінгі мектеп басшысы тек әкімшілік функцияларды орындаушы ғана емес, сонымен қатар өзгерістер көшбасшысы, педагогикалық үдерістің ұйымдастырушысы және мектеп қауымдастығын біріктіретін тұлға болуы тиіс.

Бағдарламада мектепті басқарудың келесі заманауи бағыттарына ерекше назар аударылады:

- стратегиялық және операциялық жоспарлау;
- педагогикалық көшбасшылық және командалық басқару;
- мектептің ішкі бағалау жүйесі және білім сапасын басқару;
- деректерге негізделген менеджмент (data-driven decision making);
- цифрлық басқару құралдары және мектептегі цифрлық трансформация;
- өзгерістерді басқару және тәуекелдерді талдау;
- тиімді коммуникация және конфликтология негіздері.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, басшылардың басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерін дамытуды стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде айқындайды. Аталған нормативтік құжаттарда мектеп басшыларының үздіксіз кәсіби дамуы мен басқарудың заманауи модельдерін енгізу қажеттілігі нақты көрсетілген.

Бағдарлама мазмұны тыңдаушыларға:

– мектепті басқарудың заманауи теориялары мен практикалық модельдерін меңгеруге;

- стратегиялық жоспарлау және даму бағдарламаларын әзірлеуге;
- педагогикалық көшбасшылық дағдыларын дамытуға;
- командамен тиімді жұмыс ұйымдастыруға;
- білім сапасын басқару және ішкі мониторинг жүйесін құруға;
- басқару шешімдерін қабылдауда цифрлық құралдарды қолдануға;
- өзгерістерді басқару дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның әзірленуіне негіз болған факторлар:

– білім беру ұйымдарын басқаруда заманауи менеджмент тәсілдеріне сұраныстың артуы;

- мектеп басшыларының көшбасшылық құзыреттерін дамыту қажеттілігі;
- білім сапасын басқару мен ішкі бағалау жүйесін жетілдіру қажеттілігі;
- цифрлық трансформация жағдайында басқару үдерістерін жаңарту;
- халықаралық тәжірибеге сәйкес мектеп менеджментін енгізу қажеттілігі.

Құрсты әзірлеу барысында республика өңірлеріндегі мектеп директорлары мен директор орынбасарлары арасында сауалнама жүргізілді. Нәтижелер бойынша:

– 72% – стратегиялық жоспарлау және мектепті дамыту бағдарламасын әзірлеу бойынша білімін жетілдіру қажеттігін;

– 68% – педагогикалық көшбасшылық пен команда басқару дағдыларын дамытуға мұқтаж екенін;

– 61% – білім сапасын басқару және ішкі мониторинг құралдарын меңгергісі келетінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бағдарлама мазмұны төмендегі бағыттарды қамтиды:

- заманауи мектеп менеджментінің теориялық негіздері;
- білім беру ұйымындағы көшбасшылық және басқару стильдері;
- стратегиялық даму және өзгерістерді басқару;
- педагогикалық процесті басқару және білім сапасын арттыру;

- цифрлық басқару құралдары;
 - тиімді коммуникация және басқару мәдениеті.
- Курс аяқталғаннан кейін педагогикалық қызметкер:
- мектепті басқарудың заманауи тәсілдерін тиімді қолдана алады;
 - стратегиялық және тактикалық басқару шешімдерін қабылдайды;
 - педагогикалық көшбасшылық пен командалық жұмысты ұйымдастырады;
 - білім сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесін жүзеге асырады;
 - басқару үдерісінде цифрлық құралдарды қолданады;
 - кәсіби қызметінде басқару мен көшбасшылықтың инновациялық әдістерін жүйелі қолданады.
- Бағдарлама негізге алынған нормативтік құжаттар:
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (қолданыстағы өзгерістерімен);
 - Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
 - Жалпы орта білім беруді басқаруға қатысты нормативтік-құқықтық актілер;
 - OECD, TALIS ұсынымдары;
 - 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттар.
- Заманауи мектеп менеджменті: басқару және көшбасшылық дағдылары» тақырыбындағы бұл бағдарлама білім беру ұйымдарының басқару сапасын арттыруға, мектеп басшыларының кәсіби құзыреттілігін дамытуға және заманауи білім беру талаптарына сай тиімді басқару жүйесін қалыптастыруға бағытталған өзекті және тәжірибеге бағдарланған оқу бағдарламасы болып табылады.

2. Глоссарий

Басқару шешімі	білім беру ұйымының мақсаттарына қол жеткізу үшін мектеп басшылығы қабылдайтын ұйымдастырушылық, педагогикалық немесе стратегиялық әрекет
Білім беру ұйымының менеджменті	мектептің қызметін тиімді ұйымдастыруға, ресурстарды басқаруға және білім сапасын арттыруға бағытталған басқару үдерістерінің жиынтығы
Білім сапасын басқару	оқыту нәтижелерін жоспарлау, мониторинг жүргізу, талдау және жетілдіру арқылы білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесі

Деректерге негізделген басқару (Data-driven management)	басқару шешімдерін қабылдауда сандық және сапалық деректерді, талдау нәтижелерін және мониторинг көрсеткіштерін жүйелі пайдалану тәсілі
Жоспарлау	мектеп қызметінің мақсаттарын айқындау және сол мақсаттарға жету жолдарын, ресурстарды, мерзімдерді белгілеу үдерісі
Икемді басқару	білім беру ұйымын басқаруда икемді жоспарлау, қысқа мерзімді мақсаттар қою, командалық өзара әрекет және өзгерістерге жедел бейімделу қағидаттарына негізделген басқару тәсілі
Инклюзивті басқару	білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының қажеттіліктерін ескеруге бағытталған, тең қолжетімділік пен қолайлы орта қалыптастыратын басқару тәсілі
Командалық менеджмент	мектеп қызметкерлерінің өзара ынтымақтастығын, жауапкершілігін және ортақ мақсатқа бағытталған жұмысын ұйымдастыруға негізделген басқару түрі
Командалық менеджмент	мектеп қызметкерлерінің өзара ынтымақтастығын, жауапкершілігін және ортақ мақсатқа бағытталған жұмысын ұйымдастыруға негізделген басқару түрі
Корпоративтік мәдениет	білім беру ұйымындағы ортақ құндылықтар, мінез-құлық нормалары мен кәсіби этика қағидаттарының жүйесі
Корпоративтік мәдениет	білім беру ұйымындағы ортақ құндылықтар, мінез-құлық нормалары мен кәсіби этика қағидаттарының жүйесі
Көшбасшылық	ортақ мақсатқа жету үшін адамдарды ынталандыру, бағыттау және өзгерістерді жүзеге асыру қабілеті
Көшбасшылық	ортақ мақсатқа жету үшін адамдарды ынталандыру, бағыттау және өзгерістерді жүзеге асыру қабілеті
Мектеп автономиясы	білім беру ұйымының басқару, қаржылық, кадрлық және академиялық шешімдерді дербес қабылдау мүмкіндігі
Мектеп менеджменті	мектептің стратегиялық дамуын, оқу-тәрбие үдерісін және ресурстарын тиімді басқаруға бағытталған басқару жүйесі
Мониторинг	білім беру үдерісінің және басқару қызметінің жай-күйін, нәтижелерін жүйелі бақылау және талдау үдерісі
Өзгерістерді басқару (Change management)	білім беру ұйымында жоспарланған инновациялар мен реформаларды тиімді енгізу және бейімдеу үдерісі
Стратегиялық жоспарлау	білім беру ұйымының ұзақ мерзімді мақсаттарын айқындау және оларды жүзеге асыру жолдарын белгілеу үдерісі
Тәуекелдерді басқару	мектеп қызметінде туындауы мүмкін қауіптерді анықтау, талдау және алдын алу шараларын жоспарлау үдерісі

Тиімді коммуникация	басқару үдерісінде ақпаратты нақты, ашық және өзара түсіністікке негізделген түрде жеткізу қабілеті
Цифрлық мектеп менеджменті	басқару үдерістерінде цифрлық технологиялар мен ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы мектеп қызметін ұйымдастыру тәсілі
Ішкі бағалау	білім беру ұйымының қызметінің тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілетін жүйелі талдау және мониторинг үдерісі

3. Бағдарлама тақырыбы

Ұсынылып отырған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы білім беру ұйымдарының басқару жүйесін заманауи мектеп менеджменті мен педагогикалық көшбасшылық қағидаттары негізінде жетілдіруге бағытталған. Қазіргі білім беру кеңістігінде мектептің тиімді дамуы басқару сапасына, көшбасшылық мәдениетке және өзгерістерді басқару қабілетіне тікелей тәуелді.

Жаһандану, цифрлық трансформация, білім беру мазмұнының жаңаруы және қоғамның мектепке қоятын талаптарының күшеюі білім беру ұйымдарын басқаруда жана тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Бұл жағдайда мектеп басшысы мен басқару құрамының қызметі тек әкімшілік функциялармен шектелмей, стратегиялық ойлау, педагогикалық процесті басқару, командамен жұмыс және сапалы шешім қабылдау дағдыларын қамтуы тиіс.

Осыған байланысты басқарушы педагогтен:

- білім беру ұйымының дамуын стратегиялық тұрғыда жоспарлау;
- педагогикалық ұжымды тиімді ұйымдастыру және ынталандыру;

- деректерге негізделген басқару шешімдерін қабылдау;
- цифрлық басқару құралдарын қолдану;
- білім сапасын басқару және өзгерістерді енгізу талап етіледі.

Аталған курс білім беру ұйымының басқарушы педагогін:

- стратегиялық ойлай алатын;
- педагогикалық көшбасшылықты жүзеге асыратын;
- заманауи басқару және менеджмент технологияларын меңгерген;
- өзгермелі білім беру ортасына бейімделе алатын кәсіби тұлға ретінде

қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама білім беру ұйымдарын басқаруда:

- заманауи мектеп менеджменті тәсілдерін;
- педагогикалық және стратегиялық көшбасшылықты;
- деректерге негізделген басқару модельдерін;
- цифрлық басқару құралдарын;
- сапаны басқару және ішкі бағалау жүйелерін тиімді қолдана алатын

басқарушы педагогтерді даярлауға арналған.

Курста қамтылатын негізгі бағыттар

Бағдарлама мазмұны бұрынғы курстарда жүйелі түрде жеткілікті қамтылмаған келесі өзекті бағыттарды біріктіреді:

- заманауи мектеп менеджментінің теориялық негіздері;
- білім беру ұйымындағы басқару және көшбасшылық стильдері;
- стратегиялық жоспарлау және мектепті дамыту;
- педагогикалық процесті басқару және білім сапасын арттыру;
- деректерге негізделген басқару (data-driven management);
- цифрлық мектеп менеджменті;
- командалық менеджмент және тиімді коммуникация;
- өзгерістерді басқару және тұрақты даму.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

1. Педагогикалық көшбасшылыққа негізделген басқару

Бағдарламада мектеп басшысының оқыту сапасын арттыруға бағытталған көшбасшылық рөліне ерекше мән беріледі.

2. Деректерге негізделген басқару тәсілдерін енгізу

Білім сапасын мониторингтеу, талдау және басқару шешімдерін қабылдауда нақты деректерді қолдану жолдары ұсынылады.

3. Цифрлық мектеп менеджменті

Басқару үдерісінде цифрлық платформалар, электрондық жүйелер мен басқару құралдарын қолдану тәжірибесі қарастырылады.

4. Командалық менеджмент және тиімді коммуникация

Педагогикалық ұжымды ынталандыру, кәсіби ынтымақтастықты дамыту және корпоративтік мәдениетті қалыптастыру тәсілдері қамтылады.

5. Өзгерістерді басқару және тұрақты даму

Мектепті дамыту стратегиясын жүзеге асыруда өзгерістерді жоспарлау, тәуекелдерді басқару және инновацияларды енгізу жолдары көрсетіледі.

Аналогтік бағдарламаларға салыстырмалы талдау

Қолданыстағы мектеп басшыларына арналған біліктілікті арттыру курстарының көпшілігі:

- басқарудың теориялық аспектілеріне басымдық береді;
- педагогикалық көшбасшылықты практикалық тұрғыда жеткілікті ашпайды;
- цифрлық басқару мен деректерді пайдалануды шектеулі деңгейде қарастырады;
- басқару дағдыларын тәжірибеде қолдануға арналған практикалық тапсырмаларды аз ұсынады.

Ұсынылып отырған бағдарламаның артықшылықтары:

- теория мен практиканың өзара сабақтастығы;
- нақты басқару жағдайларына негізделген кейстердің қолданылуы;
- басқарушы педагогтің кәсіби рефлексиясын дамыту;
- халықаралық басқару тәжірибелері мен заманауи трендтерге сүйенуі;
- мектептің тұрақты дамуына бағытталған қолданбалы сипатқа ие болуы.

Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау
------------------------	--

1-модуль. Заманауи мектеп менеджменті мен көшбасшылықтың теориялық негіздері	1.1-тақырып Заманауи мектеп менеджментінің тұжырымдамалары мен даму үрдістері
	1.2-тақырып Білім берудегі көшбасшылық: мектеп басшысының рөлі мен көшбасшылық стильдері
	1.3-тақырып Стратегиялық жоспарлау және мектепті дамыту басқармасы
	1.4-тақырып Мектепті басқарудағы цифрлық трансформация және цифрлық құралдар
	1.5-тақырып Білім сапасын басқару және мектептің ішкі бағалау жүйесі
	1.6-тақырып Білім беру ұйымындағы адами ресурстарды басқару және командалық көшбасшылық
	1.7-тақырып Мектепті басқарудағы тиімді коммуникация және конфликтология негіздері
	1.8-тақырып Білім беруде деректерге негізделген басқару
	1.9-тақырып Мектеп басшысының кәсіби рефлексиясы
	1.10-тақырып Білім беру ұйымының тиімділігін диагностикалау құралдары
2-модуль (таңдау бойынша) Мектепті басқарудағы инновациялық тәсілдер	2.1-тақырып Икемді басқару (Agile басқару) және икемді көшбасшылық модельдері
	2.2-тақырып Мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму
3-модуль. Мектеп менеджментіндегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу	3.1-тақырып Заманауи басқару және көшбасшылық технологиялары негізінде мектепті басқару кейстерін әзірлеу, жүзеге асыру және талдау
Қорытынды бағалау	Курс барысында меңгерілген басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалау

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Педагогикалық қызметкерлердің мектеп менеджментінде заманауи басқару және көшбасшылық тәсілдерін тиімді қолдану қабілетін арттыру. Бағдарлама мектеп басшылары мен жетекшілерге стратегиялық ойлау, ұйымдық шешім қабылдау, команда басқару және инновациялық басқару әдістерін меңгеруге мүмкіндік беретін кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған.

Міндеттері:

- мектептің басқару жүйесінде заманауи менеджмент тәсілдері мен олардың ұйымдық тиімділігін көрсету;
- стратегиялық жоспарлау, мақсат қою және нәтижелерді бағалау дағдыларын меңгерту;
- командалық көшбасшылық, ынтымақтастық және конфликтті басқару қабілеттерін дамыту әдістерін үйрету;
- мектептің педагогикалық және әкімшілік процесінде цифрлық құралдар мен инновациялық басқару технологияларын қолдану стратегияларын көрсету;
- жеке және кәсіби дамуды жоспарлау, өз тәжірибесін бағалау және кәсіби рефлексия жүргізу дағдыларын нығайту.

Күтілетін нәтижелер:

Курс соңында тыңдаушылар:

- мектеп басқару процесінде заманауи менеджмент және көшбасшылық тәсілдерінің стратегиялық мәнін ажыратады;
- стратегиялық жоспарлау және мақсатқа бағытталған шешім қабылдау қабілеттерін тиімді пайдалана алады;
- команда басқару, ынтымақтастық және конфликтті шешу дағдыларын өз тәжірибесінде қолданады;
- мектептегі педагогикалық және әкімшілік процестерде цифрлық құралдар мен инновациялық менеджмент әдістерін талдайды;
- өз кәсіби тәжірибесін жүйелі түрде талдап, жеке даму траекториясын жоспарлай алады;
- халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес кәсіби құзыреттерін көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу бағдарламасы үш модульден және қорытынды бағалаудан тұрады және педагогикалық қызметкерлердің басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – мектеп менеджменті мен көшбасшылық дағдыларын заманауи білім беру контекстінде практикалық түрде қолдануды үйрету.

Диагностикалық бағалау

Бағдарламаның бастапқы кезеңінде 1-модуль аясында қатысушылардың басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін диагностикалық бағалау жүргізіледі. Бұл нәтиже әр модуль бойынша жеке мақсаттар мен практикалық тапсырмаларды бейімдеуге мүмкіндік береді.

1-модуль. Заманауи мектеп менеджменті мен көшбасшылықтың теориялық негіздері

Модульдің мақсаты – мектепті басқару мен көшбасшылық саласындағы теориялық білімді меңгерту және практикалық дағдыларды дамыту.

Мазмұны: заманауи мектеп менеджментінің тұжырымдамалары мен даму үрдістері, мектеп басшысының рөлі мен көшбасшылық стильдері, стратегиялық жоспарлау және мектепті дамыту басқармасы, цифрлық трансформация және цифрлық құралдар, білім сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесі, адами ресурстарды басқару және командалық көшбасшылық, тиімді коммуникация және конфликтология, деректерге негізделген басқару, кәсіби рефлексия және білім беру ұйымының тиімділігін диагностикалау құралдары.

Практикалық жұмысқа жоспарлау тапсырмалары, кейс-стади талдау, топтық пікірталастар және басқарушылық шешім қабылдау жаттығулары кіреді.

2-модуль (таңдау бойынша). Мектепті басқарудағы инновациялық тәсілдер

Модуль заманауи басқару әдістерін және инновациялық көшбасшылық тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны: икемді басқару (Agile) және икемді көшбасшылық модельдері, мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму.

Практикалық жұмысқа мектептегі нақты жобаларды жоспарлау, талдау және жүзеге асыру кіреді.

3-модуль. Мектеп менеджментіндегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Модуль педагогикалық қызметкерлердің басқарушылық тәжірибесін практикада қолдануға және кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған. Қатысушылар демонстрациялық кейстер мен мысалдарды талдап, өздерінің мини-жобаларын әзірлейді және өткізеді. Мини-жобалар барысында өзара бағалау, күшті және әлсіз жақтарды талқылау, тиімділікті арттыру жолдарын іздеу жүзеге асырылады.

Кәсіби өзара әрекеттесу дағдылары: топтық шешімдер қабылдау, командалық жұмыс, өзара қолдау және конструктивті кері байланыс.

Қорытынды бағалау

Барлық модульдерді аяқтаған соң қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және қорытынды жұмыс ұсынады (мини-жоба, кейс-стади немесе презентация). Бағалау қатысушылардың басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін меңгеру деңгейін көрсетеді және практикалық шешім қабылдау, командалық жұмыс және цифрлық құралдарды қолдану дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау Қысқаша мазмұны: Педагогикалық қызметкерлердің басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін диагностикалық бағалау жүргізіледі. Бұл нәтиже әр модуль бойынша практикалық тапсырмалар мен оқу мақсаттарын бейімдеуге мүмкіндік береді
1-модуль. Заманауи мектеп менеджменті мен көшбасшылықтың теориялық негіздері	1.1-тақырып Заманауи мектеп менеджментінің тұжырымдамалары мен даму үрдістері Қысқаша мазмұны: Мектеп менеджментінің негізгі теориялары мен қазіргі заманғы даму үрдістері, басқарушылық модельдер мен стратегиялар таныстырылады
	1.2-тақырып Білім берудегі көшбасшылық: мектеп басшысының рөлі мен көшбасшылық стильдері Қысқаша мазмұны: Мектеп басшысының көшбасшылық рөлі, көшбасшылық стильдері және олардың оқу процесіне әсері қарастырылады
	1.3-тақырып Стратегиялық жоспарлау және мектепті дамыту басқармасы Қысқаша мазмұны: Стратегиялық жоспарлау принциптері, мектептің даму жоспарын құру және жүзеге асыру механизмдері түсіндіріледі
	1.4-тақырып Мектепті басқарудағы цифрлық трансформация және цифрлық құралдар Қысқаша мазмұны: Мектеп басқару процесінде цифрлық технологияларды қолдану, онлайн платформалар мен интерактивті құралдарды тиімді пайдалану жолдары ұсынылады
	1.5-тақырып Білім сапасын басқару және мектептің ішкі бағалау жүйесі

	Қысқаша мазмұны: Білім сапасын басқару принциптері, ішкі бағалау жүйесін ұйымдастыру және бақылау әдістері талқыланады
	1.6-тақырып Білім беру ұйымындағы адами ресурстарды басқару және командалық көшбасшылық Қысқаша мазмұны: Қызметкерлерді басқару, командалық жұмыс ұйымдастыру және командалық көшбасшылық қағидалары қарастырылады
	1.7-тақырып Мектепті басқарудағы тиімді коммуникация және конфликтология негіздері Қысқаша мазмұны: Мектептегі коммуникацияның тиімді тәсілдері, конфликттерді шешу әдістері және байланыс дағдылары қарастырылады
	1.8-тақырып Білім беруде деректерге негізделген басқару Қысқаша мазмұны: Қарастырылатын мәліметтер негізінде шешім қабылдау, оқу процесін мониторингтеу және талдау әдістері түсіндіріледі
	1.9-тақырып Мектеп басшысының кәсіби рефлексиясы Қысқаша мазмұны: Басқарушылық тәжірибені талдау, кәсіби өзін-өзі бағалау және рефлексия әдістері ұсынылады
	1.10-тақырып Білім беру ұйымының тиімділігін диагностикалау құралдары Қысқаша мазмұны: Мектептің тиімділігін бағалауға арналған құралдар мен индикаторлар, олардың қолдану ерекшеліктері түсіндіріледі
2-модуль (таңдау бойынша) Мектепті басқарудағы инновациялық тәсілдер	2.1-тақырып Икемді басқару (Agile басқару) және икемді көшбасшылық модельдері Қысқаша мазмұны: Икемді басқару қағидалары, икемді көшбасшылық тәсілдері, олардың мектептегі практикалық қолданылуы талқыланады
	2.2-тақырып Мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму Қысқаша мазмұны: Мектеп мәдениетін дамыту, қызметкерлер мен оқушылардың мотивациясын көтеру, тұрақты даму принциптерін енгізу жолдары қарастырылады
3-модуль.	3.1-тақырып

Мектеп менеджментіндегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу	Заманауи басқару және көшбасшылық технологиялары негізінде мектепті басқару кейстерін әзірлеу, жүзеге асыру және талдау Қысқаша мазмұны: Қатысушылар нақты басқарушылық кейстерді әзірлейді, оларды жүзеге асырады және талдайды, тәжірибе алмасу арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді
Қорытынды бағалау	Курс барысында меңгерілген басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалау Қысқаша мазмұны: Қорытынды бағалау курстың барлық модульдерін аяқтаған соң жүргізіледі. Қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және практикалық жұмыс ұсынады (мини-жоба, сабақ жоспары немесе презентация). Бағалау басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттердің қалыптасу деңгейін көрсетеді және практикалық шешім қабылдау, командалық жұмыс пен цифрлық құралдарды қолдану дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық
курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Практикалық дәріс	Демо-сабақты таныстыру / Жобаны қорғау	Тестілеу / тәжірибе	Барлығы
	Диагностикалық бағалау				1	1
1	Заманауи мектеп менеджменті мен көшбасшылықтың теориялық негіздері	20	40	2		62
1.1	Заманауи мектеп менеджментінің тұжырымдамалары мен даму үрдістері	2	2			4

1.2	Білім берудегі көшбасшылық: мектеп басшысының рөлі мен көшбасшылық стильдері	2	4			6
1.3	Стратегиялық жоспарлау және мектепті дамыту басқармасы	2	4			6
1.4	Мектепті басқарудағы цифрлық трансформация және цифрлық құралдар	2	4			6
1.5	Білім сапасын басқару және мектептің ішкі бағалау жүйесі	2	4			6
1.6	Білім беру ұйымындағы адами ресурстарды басқару және командалық көшбасшылық	2	4			6
1.7	Мектепті басқарудағы тиімді коммуникация және конфликтология негіздері	2	4	2		8
1.8	Білім беруде деректерге негізделген басқару	2	6			8
1.9	Мектеп басшысының кәсіби рефлексиясы	2	4			6
1.10	Білім беру ұйымының тиімділігін диагностикалау құралдары	2	4			6
2	Мектепті басқарудағы инновациялық тәсілдер	4	4			8
2.1	Икемді басқару (Agile басқару) және икемді көшбасшылық модельдері	2	2			4
2.2	Мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму	2	2			4
3	Мектеп менеджментіндегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу			8		8
3.1	Заманауи басқару және көшбасшылық технологиялары негізінде мектепті басқару кейстерін әзірлеу, жүзеге асыру және талдау			8		8
	Қорытынды бағалау				1	1
	Барлығы	24	44	10	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Педагогикалық қызметкерлерге арналған қысқа мерзімдегі біліктілікті арттыру курстары онлайн және офлайн форматында бекітілген оқу жоспары (ОЖП) негізінде жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің көлемі төмендегі модульдер бойынша бөлінеді:

- 1-модуль «Заманауи мектеп менеджменті мен көшбасшылықтың теориялық негіздері» – 62 сағат;
- 2-модуль «Мектепті басқарудағы инновациялық тәсілдер» – 8 сағат;
- 3-модуль «Мектеп менеджментіндегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу» – 8 сағат;

Диагностикалық бағалау – 2 сағат.

Курс мазмұны тыңдаушылардың жаһандық ойлау дағдыларын, мәдениаралық өзара әрекет жасау қабілеттерін, ақпараттық және цифрлық ортада саналы жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқу процесі интерактивті, тәжірибеге бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге сүйене отырып ұйымдастырылады:

- Дәріс форматы: түсіндірмелі дәрістер; интерактивті, пікірталасқа құрылған дәрістер; онлайн веб-дәрістер (бейне, мультимедиа қолданып).

- Семинарлар: тақырыптық талқылаулар; топтық жұмыс; кейс-талдау (жаһандық мәселелерді шешу мысалдары).

- Практикалық сабақтар: контент талдау;фактчекинг жаттығулары;мәдениаралық коммуникация бойынша тренингтер;деректерді визуализациялау;цифрлық құралдармен практикалық жұмыс.

- Онлайн білім беру құралдары: вебинарлар;цифрлық платформа материалдары;электронды ресурстар.

- Сарапшы пікірлері: шеберлік сыныптар;тренингтер;кәсіби кездесулер.

Оқу процесінің ерекшеліктері: Бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалау қағидаттарына негізделеді. Тыңдаушылардың кәсіби жетістіктері оқу нәтижелерімен, практикалық тапсырмаларды орындаумен және микрооқыту сапасымен өлшенеді.

Практикалық жұмыс 1. «Мектепті стратегиялық басқаруды талдау». Мектептің оқу-тәрбие процесін басқару мақсаттарын стратегиялық жоспарлау қағидаларына сәйкес анықтау, оқу нәтижелерін нақтылау және оларды халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестендіру.

Практикалық жұмыс 2. «Көшбасшылық стильдерін жоспарлау». Өртүрлі басқарушылық және көшбасшылық стильдерін нақты мектеп жағдайына бейімдеу, командалық көшбасшылықты дамытуға арналған іс-шаралар жоспарын құрастыру.

Практикалық жұмыс 3. «Цифрлық басқару және ақпараттық қауіпсіздік». Мектепте қолданылатын цифрлық ресурстар мен платформаларды талдау, қауіпсіздік тәуекелдерін анықтау және этикалық нормаларға сәйкес пайдалану ережелерін әзірлеу.

Практикалық жұмыс 4. «Онлайн платформалар арқылы интерактивті сабақ жоспарлау». Google Classroom, Moodle немесе Microsoft Teams платформаларын пайдаланып мектеп басшысы үшін басқарушылық және ұйымдастырушылық іс-шаралардың цифрлық құрылымын әзірлеу.

Практикалық жұмыс 5. «Стратегиялық жоспарлау тапсырмаларын әзірлеу».

Мектептің даму жоспарларын, оқушылардың функционалдық дағдыларын дамытуға арналған талдау, салыстыру, шешім қабылдау және мониторинг жасауға бағытталған тапсырмалар жиынтығын құрастыру.

Практикалық жұмыс 6. «Нақты басқарушылық материалдармен жұмыс». Мектептің есептерін, жоспарларын, есеп беру құжаттарын талдау және оларды тиімді қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

Практикалық жұмыс 7. «Мотивацияны арттыру стратегиялары». Қызметкерлер мен оқушылардың сабаққа, іс-шараларға қатысуын арттыру мақсатында ойын элементтері, интерактивті әдістер және цифрлық құралдар арқылы мотивация стратегияларын әзірлеу.

Практикалық жұмыс 8. «Бағалау және кері байланыс құралдарын қолдану». Мектептегі басқарушылық іс-шараларға және көшбасшылық тапсырмаларына арналған бағалау критерийлері мен тиімді кері байланыс үлгілерін дайындау.

Практикалық жұмыс 9. «Мини-кейсті әзірлеу және талдау». Заманауи мектеп менеджменті және көшбасшылық технологиялары негізінде қысқа басқарушылық кейс әзірлеу, оны жүзеге асыру және талдау, нәтижелер бойынша рефлексия жасау.

Практикалық жұмыс 10. «Педагогикалық қызметкердің кәсіби портфолиосын әзірлеу». Авторлық басқарушылық жоспарлар, цифрлық ресурстар, тәжірибелік жұмыстар мен рефлексия негізінде жеке кәсіби портфолио дайындау.

Ұсынылған практикалық жұмыстар тындаушылардың басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттіліктерін кешенді түрде дамытуға бағытталған. Әрбір жұмыс нақты мектеп тәжірибесіне негізделіп, заманауи мектеп менеджменті мен көшбасшылық дағдыларын тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

1 – Модуль.

«Заманауи мектеп менеджменті мен көшбасшылықтың теориялық негіздері»

Модульдің өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп басшысы тек ұйымдастырушы ғана емес, сонымен қатар көшбасшы, стратег және цифрлық сауатты менеджер болуы қажет. Заманауи мектеп менеджменті білім беру сапасын арттыру, командадағы ынтымақтастықты күшейту және білім беру

ұйымының тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа басқарушылық әдістер мен технологияларды меңгеруді талап етеді. Көшбасшылықтың әртүрлі стильдері, стратегиялық жоспарлау және цифрлық трансформация мектептің дамуында маңызды рөл атқарады.

Модульдің міндеттері:

- мектеп менеджменті және көшбасшылық саласындағы теориялық білімді меңгерту;
- мектеп басшысының рөлін және көшбасшылық стильдерін таныстыру;
- стратегиялық жоспарлау мен мектепті дамыту басқармасы бойынша дағдыларды қалыптастыру;
- мектептегі цифрлық трансформация мен цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесін дамыту;
- білім сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесін түсіндіру;
- адами ресурстарды басқару, командалық көшбасшылық және тиімді коммуникация дағдыларын дамыту;
- деректерге негізделген басқару, кәсіби рефлексия және мектеп тиімділігін диагностикалау құралдарын меңгеру.

Күтілетін нәтижелер

Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- тыңдаушылар мектеп менеджменті мен көшбасшылық негіздерін түсінеді және практикалық жағдайларда қолдана алады;
- мектеп басшысы ретінде әртүрлі көшбасшылық стильдерін тиімді пайдалана алады;
- стратегиялық жоспарлау және даму жоспарларын құрастыру дағдылары қалыптасады;
- цифрлық құралдар мен онлайн платформаларды басқарушылық мақсатта қолдана алады;
- білім беру сапасын бақылау және бағалау жүйесін құру қабілеті дамиды;
- командалық көшбасшылық, тиімді коммуникация және конфликтология дағдылары жетілдіріледі;

- тыңдаушылар кәсіби рефлексия жүргізіп, мектептің тиімділігін диагностикалау құралдарын пайдалана алады.

Модуль тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
1.1-тақырып Заманауи мектеп менеджментінің тұжырымдамалары мен даму үрдістері	Мектеп менеджментінің негізгі теориялары мен қазіргі заманғы даму үрдістері, басқарушылық модельдер мен стратегиялар таныстырылады	Тыңдаушылар мектеп менеджментінің теориялық негіздерін түсінеді және әртүрлі басқарушылық модельдерді практикалық жағдайларда қолдана алады
1.2-тақырып Білім берудегі көшбасшылық: мектеп басшысының рөлі мен көшбасшылық стильдері	Мектеп басшысының көшбасшылық рөлі, көшбасшылық стильдері және олардың оқу процесіне әсері қарастырылады	Тыңдаушылар әртүрлі көшбасшылық стильдерін ажыратып, оларды мектептегі практикалық жағдайларға қолдана алады
1.3-тақырып Стратегиялық жоспарлау және мектепті дамыту басқармасы	Стратегиялық жоспарлау принциптері, мектептің даму жоспарын құру және жүзеге асыру механизмдері түсіндіріледі	Тыңдаушылар мектептің даму жоспарын құру және стратегиялық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді
1.4-тақырып Мектепті басқарудағы цифрлық трансформация және цифрлық құралдар	Мектеп басқару процесінде цифрлық технологияларды қолдану, онлайн платформалар мен интерактивті құралдарды тиімді пайдалану жолдары ұсынылады	Тыңдаушылар цифрлық құралдарды басқарушылық мақсатта қолдана алады және онлайн платформалар арқылы оқу процесін ұйымдастыра алады.
1.5-тақырып Білім сапасын басқару және мектептің ішкі бағалау жүйесі	Білім сапасын басқару принциптері, ішкі бағалау жүйесін ұйымдастыру және бақылау әдістері талқыланады	Тыңдаушылар білім сапасын бақылау және ішкі бағалау жүйесін құру бойынша практикалық дағдыларға ие болады
1.6-тақырып Білім беру ұйымындағы адами ресурстарды басқару және командалық көшбасшылық	Қызметкерлерді басқару, командалық жұмыс ұйымдастыру және командалық көшбасшылық қағидалары қарастырылады	Тыңдаушылар адами ресурстарды басқару және командалық көшбасшылық дағдыларын меңгереді

1.7-тақырып Мектепті басқарудағы тиімді коммуникация және конфликтология негіздері	Мектептегі коммуникацияның тиімді тәсілдері, конфликттерді шешу әдістері және байланыс дағдылары қарастырылады	Тыңдаушылар тиімді коммуникация жүргізу және конфликттерді басқару дағдыларын игереді
1.8-тақырып Білім беруде деректерге негізделген басқару	Қарастырылатын мәліметтер негізінде шешім қабылдау, оқу процесін мониторингтеу және талдау әдістері түсіндіріледі	Тыңдаушылар деректерге сүйене отырып шешім қабылдау және білім беру процесін талдау дағдыларын меңгереді
1.9-тақырып Мектеп басшысының кәсіби рефлексиясы	Басқарушылық тәжірибені талдау, кәсіби өзін-өзі бағалау және рефлексия әдістері ұсынылады	Тыңдаушылар кәсіби рефлексия жүргізуді және өзін-өзі бағалау дағдыларын меңгереді
1.10-тақырып Білім беру ұйымының тиімділігін диагностикалау құралдары	Мектептің тиімділігін бағалауға арналған құралдар мен индикаторлар, олардың қолдану ерекшеліктері түсіндіріледі	Тыңдаушылар мектептің тиімділігін диагностикалау және бағалау құралдарын пайдалана алады

2– Модуль Вариативті. «Мектепті басқарудағы инновациялық тәсілдер».

Модульдің өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесінде мектепті басқаруда дәстүрлі тәсілдермен қатар инновациялық басқару әдістерін қолдану қажеттілігі артып отыр. Икемді басқару, икемді көшбасшылық, мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму мәселелері тиімді басқарушылық шешім қабылдауға ықпал етеді. Бұл модуль педагогикалық қызметкерлерге заманауи басқару технологиялары мен инновациялық көшбасшылық дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Модульдің міндеттері:

- мектепті басқаруда икемді басқару (Agile) және икемді көшбасшылық модельдерін таныстыру;
- мектеп мәдениетін қалыптастыру, қызметкерлерді ынталандыру және оқушылар мотивациясын арттыру тәсілдерін үйрету;
- мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялар мен практикалық әдістерді меңгерту;
- инновациялық жобаларды жоспарлау, ұйымдастыру және талдау дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелері:

- қатысушылар Agile басқару қағидалары мен икемді көшбасшылық модельдерін түсінеді және оларды мектепте қолдана алады;
- мектептегі командалық жұмысты ұйымдастыру, қызметкерлерді мотивациялау және оқушыларды ынталандыру дағдылары дамиды;
- мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін инновациялық жобаларды жоспарлау және іске асыру қабілеті қалыптасады;
- инновациялық басқару тәсілдерін қолдана отырып практикалық шешімдер қабылдау дағдылары қалыптасады.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
2.1-тақырып Икемді басқару (Agile басқару) және икемді көшбасшылық модельдері	Икемді басқару қағидалары, икемді көшбасшылық тәсілдері, олардың мектептегі практикалық қолданылуы талқыланады	Тыңдаушылар икемді басқару қағидаларын және икемді көшбасшылық тәсілдерін түсінеді және мектеп жағдайында қолдана алады
2.2-тақырып Мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму	Мектеп мәдениетін дамыту, қызметкерлер мен оқушылардың мотивациясын көтеру, тұрақты даму принциптерін енгізу жолдары қарастырылады	Тыңдаушылар мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивацияны арттыру және тұрақты даму принциптерін жүзеге асыру дағдыларын меңгереді

3 – Модуль. Микрооқыту. Мектеп менеджментіндегі практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Модульдің өзектілігі: Мектепті басқаруда теориялық білімді практикамен ұштастыру және педагогикалық қызметкерлердің кәсіби тәжірибесін бөлісу қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Практикалық қызмет арқылы басқарушылық және көшбасшылық дағдыларын нақты жағдайларда қолдануға, топтық жұмыс пен командалық көшбасшылық тәжірибесін дамытуға мүмкіндік туады.

Модульдің міндеттері:

- заманауи басқару және көшбасшылық технологияларын практикада қолдану;

- мектеп менеджментінде нақты кейстерді әзірлеу, талдау және жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби өзара әрекеттесу және командалық жұмыс дағдыларын дамыту;
- басқарушылық шешім қабылдау, рефлексия және кәсіби өзін-өзі бағалау тәжірибесін қалыптастыру.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
.1-тақырып Заманауи басқару және көшбасшылық технологиялары негізінде мектепті басқару кейстерін әзірлеу, жүзеге асыру және талдау	Тыңдаушылар нақты басқарушылық кейстерді әзірлейді, оларды жүзеге асырады және талдайды, тәжірибе алмасу арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді	Тыңдаушылар басқарушылық және көшбасшылық дағдыларын практикалық түрде қолдана алады, командалық жұмыс пен кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіреді, рефлексия жасап, кәсіби шешім қабылдау қабілетін арттырады

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау курстың барысында – формативті бағалау, сондай-ақ курсты аяқтағаннан кейін бағдарламаның

мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде әзірлеуші белгілеген формада жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Бұл практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесін орындау түрінде өткізіледі.

Формативті бағалау әрбір зерттелетін модульдер бойынша тест тапсырмаларын және тыңдаушылардың әртүрлі практикалық тапсырмаларды талдау, синтездеу, бағалау деңгейлерінде орындауын қамтиды.

Тапсырмалар, орындауға арналған ұсыныстар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру эталондары, тапсырмаларды бағалау критерийлері оқу-әдістемелік кешенге енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

Суммативті бағалаудемо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т.б. түрінде өткізілуі мүмкін.

Курс тыңдаушыларының жұмысы нәтижеге қарай бақылау және тест тапсырмаларын орындау, таныстырылымды қорғау, сондай-ақ арнайы тақырыптар бойынша берілетін практикалық жұмысты орындау деңгейіне байланысты бағаланады.

Қорытынды аттестация тестілеу түрінде өтеді. Жалпы сұрақтар саны – 15 тест тапсырмасын құрайды.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат курс бойынша қорытынды тестілеуінің кем деген ұпай санының 50% жинаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұндық пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A, -A	3,67 - 4,00	94 – 100	Өте жақсы
B, -B, +B, +C	2,33 - 3,33	74 – 85	Жақсы
C, -C, D, +D	1,00 - 2,00	50 – 65	Қанағаттанарлық
F	0,00	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін таныстырылым өткізіледі.

Мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы барысында меңгерген басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін анықтау және олардың кәсіби даму деңгейін нақты бағалау. Бағалау келесі міндеттерді шешуге бағытталған.

Бағалау тапсырмасы:

- Тапсырма: Таныстырылым

- Ұзақтығы: 5–7 минут
- Слайд саны: 5-тен артық емес
- Міндеті: Оқу бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде алынған білім мен инновациялық тәсілдерді қысқа презентация арқылы көрсету.

Бағалау критерийлері:

Критерий	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл
Дәлелдемелердің сапасы	Дәлелдемелер ұсынылмаған	Дәлелдемелер әлсіз	Дәлелдемелер күшті	Дәлелдемелер өте күшті, нақты және сенімді
Инновациялық тәсілдерді қолдану	Қолданылмаған	Әлсіз қолданылған	Қолданылған	Өте тиімді қолданылған
Құрылым мен логика	Жоспарсыз, түсініксіз	Әлсіз құрылымдалған	Жақсы құрылымдалған	Өте жүйелі, логикалық байланысы бар
Слайд мазмұны мен көрнекілігі	Мазмұн жоқ немесе жеткіліксіз	Әлсіз, ақпарат толық емес	Жақсы, негізгі ақпарат қамтылған	Өте көрнекі, қысқа әрі нақты ақпаратпен
Уақытты сақтау және жеткізу мәнері	Уақытты сақтамады, мәнері нашар	Әлсіз, уақытқа сәйкес емес	Жақсы, уақытқа сай	Өте тиімді, уақытқа сай және мәнері жоғары

Максималды балл: 15

Қорытынды бағалау:

- 0–5 балл: Қабілет төмен, қосымша қолдау қажет
- 6–10 балл: Орташа деңгей, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет
- 11–15 балл: Жоғары деңгей, модульді меңгергенін көрсетеді

9. Курстан кейінгі қолдау

Мұғалімдерін курстан кейінгі қолдауы 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең

Тақырыпты таңдау, кәсіби дамуының мақсаттарын анықтау, іс-шара әзірлеу кезінде куратордан кеңес беру. Кеңес беру электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), Zoom, Teams платформалары арқылы жүзеге асырылады.

2 кезең

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және тәжірибе алмасу.

3 кезең

Мұғалімдерінің құзыреттіліктерінің дамуы мен кәсіби өсуін талдау және бағалау.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі ұсынылады. Олар осы тізімнен өздерінің жеке жоспарына қосылатын шараларды таңдайды.

№	Іс-шаралар	Аяқтау формасы
1	Тыңдаушылардың курстан кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде жоспарлау	Мектеп басшыларының кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде Google кестесінде жоспарлау
2	Жеке консультациялар өткізу	Консультация тақырыбы бойынша ұсыныстар
3	Басшыларға арналған іс-шараларға қатысу	Бақылау парағы
4	Басшылардың бастамасымен вебинарлар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
5	Мектеп басшыларының бастамасымен мастер-класстар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
6	Зерттеу нәтижелерін БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда жариялауы (оқытушымен бірге)	БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда мақала

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Әбдіқадырова Г. Ж. Білім беру ұйымындағы көшбасшылық және менеджмент. Алматы: РИО «Білім», 2023.
2. Сейсенбай Б. М. Мектеп менеджменті: теория және практика – Нұр-Сұлтан: «Ұлағат» баспасы, 2022.
3. Баймұханбетова А. Т. Цифрлық трансформация және білім беру басқару–Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2021
4. Мұхамедқызы С. Ж. Білім беру ұйымындағы стратегиялық жоспарлау және дамыту – Шымкент: «Білім инновациясы», 2021.

5. Жұмабеков Н. Қ. Мектеп менеджменті мен көшбасшылық теориялары – Алматы: «Атамұра», 2021.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қуанышбек, Е. Р. Икемді басқару және Agile көшбасшылық модельдері мектеп тәжірибесінде – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2024.
2. Досжанова А. С. Мектеп мәдениетін қалыптастыру және мотивацияны арттыру жолдары. – Алматы: «Білім және ғылым», 2023.
3. Төлепберген Қ. А. Қызметкерлерді басқару және командалық көшбасшылық – Шымкент: «Заманауи білім», 2022.
4. Әбдірашитова Л. Ж. Мектептегі тиімді коммуникация және конфликтология негіздері – Алматы: «Білім орталығы», 2021.
5. Сапарқұлова Ж. Т. Білім сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесі – Нұр-Сұлтан: «Қазақстан педагогикасы», 2020.